

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ғаламдық Экологиялық Қор Кеңесі жанындағы Швейцария сайлау округына қосылуы туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 маусымдағы N 607 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ғаламдық Экологиялық Қор Кеңесі жанындағы Швейцария сайлау округына қосылуы туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Байғазықызы Самақоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімге қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, оны жасасуға уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ШВЕЙЦАРИЯ
КОНФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҒАЛАМДЫҚ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ
ШВЕЙЦАРИЯ САЙЛАУ ОКРУГЫНА ҚОСЫЛУЫ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

(Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Үкіметі Ғаламдық Экологиялық Қор (бұдан әрі - ҒЭҚ) Кеңесі жанындағы Швейцария сайлау округы атынан.

Ғаламдық экологиялық проблемаларды Ғаламдық экологиялық қорға (бұдан әрі - ҒЭҚ) қатысу арқылы шешуге өзара мүдделігін растай отырып;

ҒЭҚ-тың 1994 жылғы Қайта ұйымдастырылған Ғаламдық Экологиялық Қорды Бекітуге арналған Құжатты және 1995 жылғы ҒЭҚ Кеңесіне арналған Регламентті басшылыққа алатынын мойындай отырып;

Әзірбайжан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының, Түркіменстанның және Өзбекстан Республикасының Үкіметтері Швейцария Конфедерациясының Үкіметіне ФЭҚ Кеңесі жанындағы Швейцария сайлау округы атынан осы Келісімде айтылған шарттарға Қазақстан Республикасының Үкіметімен қол қоюға бірауыздан уәкілеттік бергенін мойындай отырып;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ФЭҚ Кеңесі жанындағы Швейцария сайлау округына (бұдан әрі - "сайлау округы" деп аталады) қосылуына осы Келісімде мынадай ш а р т т а р м е н к е л і с е д і :

1. Сайлау округына қатысушылар ФЭҚ Кеңесінің мәселелері бойынша ғаламдық экологиялық проблемалар мен ақпараттар саласында өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша ынтымақтастыққа күш-жігер жұмсайды.

2. Қатысушылар осы Сайлау округымен ынтымақтастықты Кеңестің шеңберінде Қатысушылардың пайдасына сайлау округының көзқарасын өзара зерделеу және нығайту үшін мүмкіндік ретінде бағалайды.

3. Қатысушылар сайлау округын білдіретін ФЭҚ Кеңесінің мүшесі мен оның орынбасарын Швейцария Конфедерациясының Үкіметі (бұдан әрі - Швейцария Үкіметі) тағайындайтынымен келіседі. Швейцария Үкіметінен Кеңес мүшесі Қатысушылар өкілдерінің ФЭҚ Кеңесінің отырыстарына Швейцария Үкіметін отырыстарда бір Консультант білдіреді деген түсінікпен Консультанттар немесе Бақылаушылар ретінде қатысуына ықпал ететін болады. Сайлау округынан қатысатындардың ең көп санын ФЭҚ Хатшылығы шектеуі мүмкін. Кеңес мүшесі Консультанттарды немесе Бақылаушыларды тағайындау рәсімдері туралы, сондай-ақ осы рәсімдердің өзгергені туралы Қатысушыларды уақытылы хабардар етеді.

4. ФЭҚ алдындағы өз міндеттемелерінің бөлігі ретінде ФЭҚ-тың алушы елдері мәртебесі бар Қатысушылар ФЭҚ Хатшылығымен алғашқы мүмкіндік және консультациялар кезінде Қатысушылар елінде қоршаған орта министрліктерінен немесе оларға теңестірілген ведомстволардан сайланатын ФЭҚ-тың Ұлттық үйлестірушілерін тағайындайды. Қатысушылар ұлттық үйлестірушілер қызметтерінің тиімділігін арттыру мақсатында, олар ұсынатын ақпаратты және әлеуетін үдету қажеттілігін бағалаудан бастап тиісті шараларды қабылдайды.

5. Швейцария Үкіметінен Кеңес мүшесі басқа Қатысушыларды ФЭҚ Кеңесінің қызметі туралы, атап айтқанда, Кеңестің әр отырысының есебі және Кеңеске мақұлдау үшін ұсынылған ФЭҚ ұсыныстарының жобаларын бағалау туралы уақытылы хабардар етеді. ФЭҚ Кеңесінің құжаттары ФЭҚ-тың веб-сайтынан тікелей алынуы мүмкін. ФЭҚ веб-сайтына қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, құжаттардың көшірмелері тиісті сұрауды ұсыну бойынша Дүниежүзілік Банктегі Швейцариялық атқарушы директордың өкілдігінен немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы елінің о ф и с і н е н а л ы н у ы м ү м к і н .

6. Қатысушылар ФЭҚ Кеңесінің кез келген мәселелері жөнінде пікірлерін білдіруге,

осылайша, ҒЭҚ-тың жұмыс және ақпараттық құжаттары бойынша, сондай-ақ оның жұмыс бағдарламасының барлық аспектілері бойынша Сайлау округының ұстанымын қалыптастыруға ықпал ете отырып шақырылады. Түсініктемелер осы Сайлау округын және оның ұстанымын білдіретін Кеңес мүшесіне жіберіледі.

7. Швейцария осы Сайлау округындағы елдермен ынтымақтастықта осы Сайлау округына мүшеліктен туындайтын ерекше қатынастарды назарға ала отырып, ҒЭҚ тарапынан Қатысушыларға көмек көрсетуге ықпал етеді.

8. Осы Сайлау округының Қатысушылары қоршаған ортаны қорғау саласындағы, әсіресе ҒЭҚ олар үшін қаржылық тетік ретінде әрекет ететін көп жақты Келісімдерді бекітуге және іске асыруға жәрдемдеседі.

9. Қатысушылар ҒЭҚ Сайлау округындағы мүшелік кез келген қатысушылардың тарапынан қаржылық міндеттемелерге әкеп соқтырмайтынын және осыларды п а й ы м д а м а й т ы н ы н түсінеді.

10. Қатысушылар осы Сайлау округындағы өзінің мүшелігінен Кеңес мүшесінің атына Швейцария Үкіметінен жіберілген жазбаша хабарлама, сондай-ақ ҒЭҚ хатшылығына жіберілген көшірме арқылы кез келген уақытта бас тарта алады.

_____ қаласында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің бірдей заң күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Швейцария Конфедерациясының
Үкіметі үшін*